



Шарбақты ауданында үй жануарларын ұстау және аймақтағы тазалықты ұйымдастыру, тазалықты сақтау, аумақты санитариялық тазарту, абаттандыру Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 125/25 шешімі. Павлодар облысы Шарбақты ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 сәуірде N 12-13-101 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2012 жылғы 31 қазандағы N 39/14 шешімімен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 31.10.2012 N 39/14 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бап 2 тармағы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бап 1 тармағының

8 тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Шарбақты ауданында үй жануарларын ұстау және аймақтағы тазалықты ұйымдастыру, тазалықты сақтау, аумақты санитариялық тазарту, абаттандыру Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен, он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

Сессия төрағасы

А. Поляков

Аудандық мәслихат хатшысы

Б. Паванов

Шарбақты аудандық мәслихатының
2010 жылғы 16 сәуірдегі
N 125/25 шешіміне
қосымша

Шарбақты ауданында үй жануарларын ұстау және аймақтағы тазалықты ұйымдастыру, тазалықты сақтау, аумақты санитариялық тазарту, абаттандыру Ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының экологиялық кодексіне", Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына, және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ауданда үй жануарларын ұстау және аймақтағы тазалықты ұйымдастыру, тазалықты сақтау, санитарлық тазарту, абаттандыру саласында жеке және заңды тұлғалардың қарым-қатынасын реттейді.

Қазақстан Республикасы азаматтарының қызметі мен тіршілік ету негізі, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрмысын жақсартуда табиғат және оның байлықтары басты құбылыс екендігін ескере отырып, осы Ереженің м і н д е т і :

азаматтардың экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық саулық, радиациялық қауіпсіздігі үшін конституциялық құқықтарын жүзеге асыру;
қазіргі және болашақ ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізбейтін, қолайлы қоршаған ортаны қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық саулығын мемлекеттің қамтамасыз ету негізін жүзеге асыру;
тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық саулығын және денсаулығын сақтау болып саналады.

Егер тұрғындардың денсаулығына және санитарлық-эпидемиологиялық саулығына ықпал етуіне байланысты болса, әр азаматтың, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы толық ақпарат алуға, мемлекеттік басқару органдары, лауазымды тұлғалармен шешім қабылдауға қатысуға, орындалуын бақылауды жүзеге асыруға, және талқылауға құқығы бар.

Осы Ереженің мақсаты: қыс және жаз маусымдарында ауылдық аймақтарды тазартуды реттеуді анықтау, жаяу жүрушілер мен көлік қатынасының қауіпсіздігі үшін қажетті жағдайлар мен тазалықты қамтамасыз ету, қала аймақтарын абаттандыру және санитарлық жағдайын бұзуға жауапкершілігі, ғимараттар мен басқа да ауылдық инфрақұрылым нысандарының сыртқы жарықпен қамтамасыз ету, жарнамалар, ағаш отырғызу болып саналады.

Ереже Шарбақты ауданының аумағында орналасқан барлық идаралық

ғимараттар, құрылыстар және құрылыс ғимаратарының иелері, жалға алушы, құрылысшы, мекемелер мен ұжымдарға міндетті.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылған ұғым: қалдықтар - өндіріс және тұтыныс барысындағы өнімдердің, материалдардың, жартылай дайындалған өнімдердің басқа да бұйымдар мен тағамдардың қалдықтары, сондай-ақ тұтынушылық қасиетін жойған тауар (өнім);

тұрмыстық қатты қалдықтар (ТҚК) - тұрғындық және қоғамдық ғимараттарда (тұрғын үйлердегі ағымдағы жөндеу жұмыстарынан қалған қалдықтарды есептегенде) пайда болған қалдықтар, жылу жүйелерінің орындарында пайда болған, жерге түскен жапырақтар және үйдегі керек-жарак ірі заттардың қ а л д ы қ т а р ы ;

санитарлық тазарту – жинақтау жүйесі, жою, залалсыздандыру, кәдеге жарату ж ә н е қ а л д ы қ т а р д ы к ө м у ;

қалдықтарды (жою) шығару - белгіленген жерлерге қалдықтарды шығару;

қоқыстарды жою–жинақтау, жою, залалсыздандыру, кәдеге жарату және қалдықтарды көмуді өзіне алатын мамандандырылған ұйымның көрсететін к о м м у н а л д ы қ қ ы з м е т і ;

мамандандырылған ұйым - қоқыстарды жою бағытында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және арнайы көліктері бар заңды және жеке тұлғалар;

қоқыс жою бойынша тариф – уәкілетті органдар белгілеген қызмет құны және қосымша шыққан шығынның орнын толтыратын, пайда түсетін мүмкіндіктерді есептеп және қызмет көрсетуге қажетті, мамандандырылған ұйымның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

қоқыс тастайтын жер (полигон) – қалдықтарды көму және жинақтау үшін тағайындалған, жалпы қолданыстағы арнайы орын;

үй-жайға иелік ету - кісі тұратын (тұрғын үй, пәтерлер) және кісі тұрмайтын (әкімшілік, саудалық, өнеркәсіптік, мәдени-тұрмыстық және т.б. міндеттер) ғ и м а р а т т а р ;

уәкілетті орган – құқықтық қатынастың белгіленген бағытында өкілеттілік үл е с і б а р м е м л е к е т т і к о р г а н .

2. Санитарлық тазарту жүйесі және аудан аймағын тиімді жинақтауды қарастырады, тез арада жою, тұрмыстық қалдықтарды экономикалық мақсатта залалсыздандыру (тұрмыстық-шаруашылық, оның ішінде тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, қоғамдық тамақтану және мәдени-тұрмыстық саладағы сауда мекемелерінен тамақ қалдықтары) көшелердегі қоқыстар және басқа да тұрмыстық қалдықтар, аудан аймағында жиналып қалған, және жалпы

қолданыстағы және үй-жайлардың аймақтарын қыс және жаз мауысмында қамтамасыз ету және жинауды ұйымдастыруды өзіне алады.

3. Ауылдық аймақтардағы санитарлық жағдайын қажетті деңгейде қамтамасыз ету үшін, санитарлық тазарту және жинау жұмыстары уақтылы-жоспар жүйесімен және кесте бойынша арнайы көліктермен мемлекеттік коммуналдық шаруашылық сияқты жекеменшік секторларымен де жүзеге асырылуы керек.

4. Уақтылы - жоспар жүйесін ұйымдастыру және қалдықтарды жою уәкілетті органдардың санитарлық-эпидемиологиялық қызмет орындарымен келісім арқылы белгіленеді.

5. Жалпы қолданыстағы орындарды жинастыру арнайы мекемелерге келісім бойынша жүктеледі. Субъектілерге белгіленген жер телімдерін бекіту шекараларда нақты жер пайдаланушы немесе атқарушы органның келісімімен жүргізіледі.

6. Үйлерге кіреберіс жолдарды, ауладағы аумақты жинау тұрғын үйлердің жеке иелеріне жүктеледі.

7. Көшелерді, ішкі орамдарға жолшыбай жерлерді, жасыл ағаш отырғызылған аймақтарды, жаяу жүргінші жолдарды жинау; мамандандырылған эксплуатациялық ұйымға.

8. Аймақтарды және жаяу жүргінші жолдарды жинау: жақын аумақта (іргелес) орналасқан мекемелер, ұйымдар, басқармаларға.

9. Автомай құю станцияларына іргелес радиусы 15 метр аймақты жинау және тазалықты сақтау, олардың қызметкерлерімен жүзеге асырылады.

10. Киоскілер, дүкендер мен басқа да сауда орындарына іргелес радиусы 5 метр аймақты тазарту және жинау жұмыстарымен сауда ұйымдарының барлық меншік нысандарының басшылары қамтамасыз етеді.

11. Мекемелер, құрылыс алаңдары, қоймалар, базалар және оларға кіреберіс аймақтар осы ұйымның күшімен және қаражатымен немесе келісім шарт бойынша мамандандырылған ұйымдармен жиналады.

12. Ауылдық аймақтардағы басқа жерлерді (стадиондар, базарлар, жәрмеңке ұйымдастырылатын орындар, автокөлік қоятын ашық орындар, ауылшаруашылығына пайдаланатын жерлер және т.б) тиісті жер пайдаланушыларға жүктеледі.

13. Күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуші құрылыс нысандарына іргелес аймақтарды жинау және тазалықта ұстау, осы жұмысты орындайтын жөндеу-құрылыс ұйымына жүктеледі.

14. Өз балансында арнайы жабдықтары бар тиісті эксплуатациялық қызмет ету орындары суағар тораптарын тазартуды маусымына екі реттен кем емес, төмен орналасқан аймақтарды нөсер немесе су тасқыны кезінде су басу қаупінің

бар екендігін ескерту мақсатында жүргізеді.

15. Тұрмыстық қатты және сұйық қалдықтарды жинақтау және көму арнайы белгіленген телімдерде жүргізіледі.

16. Арнайы белгіленбеген басқа орындарға қалдықтарды шығаруға, сонымен қатар ауылшаруашылық алқаптарында көмуге тыйым салынады.

17. Аймақтарды абаттандыру және жинау жұмыстары жүйелі, мерзімді және апатты ретпен қысқа және жазға бөлінеді.

18. Жүйеліге жататындары: суару, қазу, қарды тазарту, мұздарды ою және қарлы-мұзды төсемелерді жою.

19. Мерзімдіге: - топырақты үйінділерді, түскен жапырақтарды жинау, жол жиектерін шөптерден тазарту.

20. Апат кезінде - (қар жауған кезде, көктайғақ, боран) – жол жабындыларын құмды-тұздалған қоспамен өңдеу, қарды сыпыру және үю, көше қиылыстарындағы қар үйінділерін итеру және т.б.

2. Жалпы қолданыстағы орындарды қамтамасыз ету және жинау

21. Саябақтар, жаппай шеруге шығатын орындар және басқа да жалпы қолданыстағы орындар аталған Ереженің 1 бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

22. Барлық көшелер мен алаңдарда, басқа да орындарда жеткілікті түрде урналар қойылуы қажет.

23. Урналар жүйелі түрде толған кезде тазаланып отыру қажет.

24. Өздеріне бекітілген аймақтарда тазартуды жүзеге асырушы мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдарға урналардың тазалығын қамтамасыз ету жүктеледі.

25. Дүкендердің, сауда ғимараттарының иелері урналарды өз кеңселерінің алдыңғы жағына - кіреберіс және шығаберістерге орналастырады.

26. Урналардың жағдайы дұрыс және ұқыпты болуын қамтамасыз етілу, жылына бір рет боялуы тиіс.

27. Киоскілердің, дүкендердің алдында тауар қорын және бос ыдыстарды қалауға, сондай-ақ тиісті аймақты қойма ретінде падалануға тыйым салынады.

28. Ведомстволық құрамына қатыссыз, жасыл көшеттер дербестік мемлекеттік қорды құрайды және заңмен қатаң қорғалады.

29. Бекітілген аймақтардағы заңды және жеке тұлғалар:

1) жасыл көшеттерді сақтауды қамтамасыз етеді, ол үшін толық кешенді агротехникалық шаралар өткізеді, атап айтқанда: суару, кесу, құрғақ ағаштарды, апатты және құраған ағаштарды кесу, бағандарды тазарту, бағанды және тамыр бұтақшаларын жою, жас ағаштардың жанынан бағандық шұңқырлар орналастыру, жарақаттарын залалсыздандыру және сылау, сондай-ақ

арамшөптерді жою үшін механикалық өңдеу;

2) ауыл шаруашылық зиянкестер мен аурулар, карантин арам шөптермен жүйелі түрде күрес жүргізу;

3) ағаштың жапырағы түсетін мезгілде жерге түскен жапырақтарды дер кезінде жинайды. Жинаған жапырақтарды арнайы белгіленген орындарға жеткізеді, тұрғын үй құрылыстары аймағында және саябақтарда жапырақтарды жағуға тыйым салынады;

4) жасыл қорлардың сақталуы табиғатты қорғау заңнамаларына сәйкес қамтамасыз етіледі.

30. Өнеркәсіптік немесе басқа да құрылысты жүзеге асырушы құрылыс және басқа ұйымдар, жеке меншік түріне қарамастан, жердің үстіңгі қабатының бұзылуына байланысты, жердің құнарлы бөлігін алып, оларды жасыл құрылысқа пайдалану үшін сақтайды, сонымен қатар құрылыс аяқталысымен дереу өз есептерінен бұзылған жер телімдері мен жасыл көшеттерді қалпына келтіреді.

3. Көшелерді және жол құрылыстарын қамтамасыз ету тәртібі

31. Көшелер, жолдар және жол құрылыстары мемлекеттік меншікке жатады және көпшілік пайдалануға арналған.

32. Көшелерді ластайтын көлікпен тасымалданатын жүктер, көшелерді ластауды болдырмас үшін мұқият жабылады.

33. Жолдарды және көшелерді пайдаланушылар көлік қатынасын кедергісіз жүріп-тұруын қамтамасыз етеді.

34. Тыйым салынады:

1. Көшелерді, жолдарды және жол жабдықтарын, жол белгілерін, жол қатынасын реттейтін құралдарды, жасыл көшеттерді зақымдауға.

2. Ғимарттарға және құрылыс ғимараттарына, сондай-ақ өрт кезіндегі су көздеріне кіреберіс жолдарды, көшелердегі өткелдерді қоршауға және ығыстыруға.

35. Жеке және заңды тұлғалар жол жабындыларын зақымдауға байланысты жер немесе басқа да жұмыстарын "Шарбақты ауданының тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жазба түрдегі рұқсаты бойынша (ордермен) ғана жүргізе алады.

4. Үй аулаларын жинастыру және қамтамасыз ету

36. Үй аулаларын тұрмыстық қалдықтардан тазарту жүйелі түрде жоспар бойынша жүргізіледі.

37. Тұрмыстық қатты қалдықтар қоқыс шығаратын арнайы көліктермен,

канализациясыз үй аулаларындағы сұйық қалдықтар – қоқыстан тазарту кәсіпорымен шығарылады.

38. Тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстарды шығару меншік иесінің мамандандырылған ұжымының шарты, шығару кестесі, атқарылған жұмыс үшін төлемақысы болған жағдайда, уақытында шығарылмаған қоқыс үшін келісім шарт жасаған мамандандырылған ұжым жауапты болады.

5. Елді мекенді аймақтардағы кіші сәулеттік нысандарды қамтамасыз ету және орнату тәртібі

39. Сыртқы абаттандырудың барлық элементтері, оның ішінде қасбеттерін өңдеу аймақтардағы құрылыс тәртібі белгілеген ережеге сәйкес орындалуы қажет.

40. Шарбақтар, қоршаулар, көгал алаңдарын, киоскілер, дүкендер, жарнамалық тақталар, маңдайша жазуларын безендіру, осы сияқты көрнекі және басқа да құралдарды орналастыру және құру, саябақтардағы орындықтарды орналастыру уәкілетті органдардың келісімінен кейін ғана рұқсат етіледі.

41. Барлық кіші сәулет құрылыс нысандары дұрыс жағдайда ұсталуы, жылына бір рет боялуы қажет.

42. Көшелерді жарықтандыру шамдары, жарық арқылы жарнамалар және маңдайша жазулары қараңғы түскен кезде жағылуы тиіс.

43. Тұрғын үй, қызмет, өндірістік және басқа да ғимараттар мен құрылыс иелері, үйлердің нөмір белгілерін, көшелердің атауын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған маңдайшалардағы жазуларды (оның ішінде жарнамалық сипаттағы) тиісті жағдайда ұстаулары қажет.

6. Инженерлік құрылыстар мен коммуникацияларды тазарту және қамтамасыз ету тәртібі

44. Жобалаушы ұжымдар құрылыс және қатынас жобаларын дайындаған кезде:

1) құрылыс алаңдарында орналасқан ағаштар мен көшеттердің жоғары деңгейде сақталуын қамтамасыз ететін, жұмысты ұйымдастыру тәртібін дайындайды;

2) құрылыс жұмыстарының сметасына бұрынғы қалпына келтіру құнына төлем ақыны, көшіріп отырғызатын жағдайда – жасыл көшеттерді көшіріп отырғызу бойынша қосымша жұмыс құнын қарастырады.

45. Құрылыс мерзімінде құрылыс объектісіндегі негізгі бағыттағы жол бөлігінің осы және қарама-қарсы жаққа 600 метр қашықтығын күнделікті тазарту

құрылыс ұжымына бекітіледі.
46. Бұрынғы құрылыс орындарында жүргізілетін құрылыс алаңдары барлық периметрлер бойынша, құрылыс бұзылғанға дейін мықты дуалдармен қоршалуы қ а ж е т .

47. Қоршауда адамдар өтетін жер саны аз болуы тиіс.

48. Ауданда ауылдық аймақтардағы ішкі орам телімдерінде, тораптарда, көшелерде жер және құрылыс жұмыстарын істеу осындай жұмыстарды істеу құқығына рұқсат қағаз/ордер/ беруші уәкілетті органның бекіткен тәртібіне сәйкес заңды және жеке тұлғалармен жүзеге асырылады.

49. Шашылатын және басқа да көшелерді ластайтын жүктер, көшелерді ластанудан сақтау үшін мұқият түрде жабылуы тиіс.

7. Елді мекенді аймақтарды санитарлық қамтамасыз ету бойынша қызмет және уәкілетті органдардың әрекеті

50. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы негізгі заңнамаларына сәйкес, көшелерді, аулаларды, басқа да аймақтарды, сонымен қатар жұртшылық пайдаланатын орындарды қамтамасыз етудегі санитарлық ережелерді сақтауды ішкі істер және санитарлық бақылау органдары жүзеге а с ы р а д ы .

51. Жергілікті атқарушы органдары:

1) механикаландырылған жиыстыруға тиісті көшелердің, алаңдардың және жол бойларының титулдық тізімі, сонымен қатар олардың жыл бойындағы қыс және жаз маусымдарында жиыстыру кезегі;

2) меншік түріне қарамастан, мекемелер мен ұжымдардың күшімен жиыстырылатын тиісті аумақтар тізімі;

3) табиғат байлықтарын сақтау, қоршаған ортаны ластанудан сақтау және қ о р ғ а у ш а р а л а р ы ;

4) саябақтар, шағын бақтар, техникалық қызмет ғимараттары мен құрылыстары, құрылыс алаңдары, сауда мекемелері және басқаларының санитарлық жағдайына жауапты ұжымдар;

5) қалдықтарды көму және жинастыру орындарын бекітеді.

52. Үй аулаларының иелері /пайдаланушылар/ тұрмыстық қалдықтарды дер кезінде жоюы тиіс немесе қалдықтарды жою үшін келісім шарт жасауға міндетті.

53. Кәсіпорын тазарту үшін:

1) дер кезінде (келісім шартқа сәйкес) ұжымдар, мекемелер мен кәсіпорындардың контейнерлердегі қоқыстарды жоюды жүзеге асыруға міндетті.

54. Санэпидқызмет мекемесінің мамандары келесі міндеттерді орындауға:

1) елді мекенді кенттерде санитарлық тазартуды ұйымдастыру бойынша

жобаларды дайындауда жергілікті басқару органдардың шешіміне қатысу;

2) тұрмыстық қатты және өнеркәсіп қалдықтары полигондарын жобалау және орналастыру бойынша материалдарды қарастыру және келісу, ауылдарды санитарлық тазарту схемалары және т.б;

3) елді мекендердегі санитарлық жағдайға байланысты тұрғындардың ауру-сырқауын тексеруге және зерттеуге;

4) ауыл аймақтардың санитарлық жағдайын бақылауды жүзеге асыру және әкімшілік тарапынан құқық бұзушыларға әсер ететін шара қолдануға тиісті.

55. Аудандық ішкі істер бөлімінің учаскелік инспекторлары:

1) белгіленген аумақтағы санитарлық жағдайды үнемі бақылауды жүзеге асыруға ;

2) санитарлық тәртіп бұзушыларды анықтап, белгіленген тәртіп бойынша тиісті органдарға оларға мәлімет беруге;

3) меншік түріне қарамастан тұрғындарға, мекемелер мен ұжымдарға көшелерде қоқыс үйінділерін тудыру және оларды өртеуге үзілді-кесілді тыйым салуға міндетті .

56. Осы Ережені бұзған кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" бекітілген Кодексындағы тәртіп бойынша жауапқа тартылады.

8. Аталған Ережеде ұсынылмаған іс әрекеттер

57. Жеке және заңды тұлғаларға:

1) көшелерде, тротуарларда, көгал алаңдарында, үйлердің алдында құрылыс материалдарын, отын, көмір, шөп-салам, улыхимикаттар, метал сынықтары, минералды тыңайтқыштар және басқа материалдарды төгуге;

2) жолдардағы өтетін жерлер мен тротуарлар бойында қоршалмаған канализациялық, сукұбырларын, жаңбыр және басқа құдықтарды ашық қалдыруға ;

3) шашылатын және сұйық жүктерді қораптары жөнделмеген автокөліктермен және жабдықталмаған жүк арбалармен тасымалдауға;

4) қолданыстағы құрылыс ғимараттарын (жол жабындыларын, жол жиектерін , құдық қақпақтарын және т.б), жасыл көшеттерді жол және жер жұмыстарын жүргізу кезінде зақымдау, сондай-ақ оларды топырақпен көмуге;

5) тротуарларға, көгал алаңдарына, көшелердегі өтетін жерлерге су шашатын зақымдалған сукұбырлары мен канализация жүйелеріндегі апаттық жұмыстарды жүргізуге ;

б) кәсіпорындар мен ұжымдардың аумақтарында, көшелерде және тұрғылықты орамдардағы көгал алаңдарында, жеке меншік жер телімдерінде

қоқыстарды, жапырақтарды жағуға;

7) электр сымдарын, сымдарды, әткешектерді және т.б бекіту үшін ағаштарды пайдалануға болмайды.

9. Иттер мен мысықтарды ұстау

58. Үй жануарларының иелері:

1) үй жануарларын олардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ұстау, гуманитарлық айналысу, қараусыз қалдырмау, сырқаттанып қалған жағдайда дер кезінде ветеринарлық көмек көрсетуге;

2) мемлекеттік ветеринарлық мекемелердің мамандарының талаптары бойынша жануарларды дер кезінде тексеруге, диагностикалық зерттеу және емдік-профилактикалық өңдеуге жеткізуге;

3) үй жануарларынан олардың маңындағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, тиісті шараларды қолдануға;

4) жануарларды ары қарай ұстауға мүмкіндік болмаған кезде, басқа иеге немесе ветеринарлық мекемеге тапсыруға;

5) өлген жануарларды көму немесе жою арнайы белгіленген орындарда жүргізуге міндетті.

59. Тыйым салынады:

1) жұртшылық қолданатын орындарда шылбырсыз және тұмылдырықсыз итпен шығуға және қыдыруға;

2) иттерді жұртшылық қолданатын орындарда ұстауға;

3) жұртшылық қолданатын орындарды, балалардың спорттық алаңдарын, көгал алаңдарын, тротуарларды үй жануарларының лаптауына тыйым салынады.

Үй жануарларының иелері жұртшылық орындарында, көгал алаңдарында және тротуарларда жануарлардың қалдырған нәжістерін жинауға міндетті.

10. Ауылшаруашылық, үй жануарлары мен құстарын ұстау

60. Ауылшаруашылық жануарлары мен құстар жеке үй аулаларындағы қоршалған алаңдардағы арнайы жабдықталған жабық жайларда ұсталуы тиіс.

61. Ауылшаруашылық жануарлары мен құстар жеке үй қожалықтарына жатпайтын (қосалқы шаруашылық немесе т.б), экзотикалық жануарларды ұстау уәкілетті органдардың келісімімен ғана рұқсат етіледі.

62. Ауылшаруашылық жануарлары мен құстардың иелері жануарларды ұстаудың зоотехникалық және ветеринарлық–санитарлық талаптарын сақтауға міндетті, малшаруашылығы қалдықтарымен қоршаған ортаны лаптауға мүмкіндік бермеу.

63. Уәкілетті органдардың рұқсаты болған жағдайда жануарларды кез келген

көлік түрімен тасымалдауға мүмкіндіктері бар.

64. Тыйым салынады:

1) малжайылымдарына бекітілген трассалардан басқа көшелерде, алаңдарда, кішігірім алаңдарда және басқа да жұртшылық қолданатын жерлерде малдардың жайылуына;

2) ашық аймақтарды мал шаруашылық қалдықтары және тезектерімен ластауға тыйым салынады.

11. Осы Ережені бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалардың жауаптылық

65. Осы Ережені бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік заң бұзушылық туралы" Кодексімен жауапқа тартылады.

Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларына сәйкес, заң бұзушылар әкімшілік жауапкершілікпен қолданған шара, жіберілген қателіктерді жоюдан және материалдық шығынның орнын толтыру жауапкершілігінен босатылмайды.